

Ж.Т. Нығметова* , З.Г. Сактаганова , Д.А. Джумабеков 

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: zhaksygul@mail.ru, zauresh63@mail.ru, azmukhan@mail.ru)

Орталық Қазақстандағы этникалық репатрианттардың бейімделу және ықпалдасу үдерісі: әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектілері (1991–2021 жж.)

Мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында жүзеге асырыла бастаған этникалық қазақтардың тарихи Отанына қайту үдерісі, оның ішінде Қарағанды облысы мысалындағы ерекшеліктері ғылыми тұрғыда қарастырылған. Сонымен қатар шетелдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің тарихи отанына қоныс аударуының әлеуметтік, демографиялық және мәдени маңыздылығы зерттелген. Мақалада 1991–2022 жылдар аралығында Қарағанды облысына көшіп келген қандастардың саны, квота жүйесінің ықпалы, әртүрлі елдерден келген репатрианттардың бейімделу ерекшеліктері нақты архивтік деректер мен статистикалық материалдар және этникалық қазақтармен жүргізілген сұхбаттар негізінде талданған. Авторлар репатрианттардың көші-қонға итермелеген негізгі себептері ретінде отансүйгіштік сезім, ұлттық мәдениет пен тілге деген құрмет, шетелдердегі әлеуметтік-саяси қиындықтар екенін айқындайды. Сапалық зерттеу әдістері — өмірбаяндық сұхбаттар мен тарихи интервьюлер арқылы көші-қон себептері, патриоттық мотивтер мен әлеуметтік ықпалдасу мәселелері кеңінен қамтылған. Қытай, Монғолия, Өзбекстан және басқа елдерден келген этникалық қазақтардың Орталық Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу барысын, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауларды, сондай-ақ көші-қон саясатының өзгерістерінің ықпалын жүйелі талданған. Қарағанды облысына келген қандастардың саны, квота жүйесінің жүзеге асуы мен оның шектеулері, аймақтық ерекшеліктері, бейімделу барысындағы қиындықтар мен жетістіктері кешенді түрде сарапталған. Зерттеу нәтижесінде аймақтық деңгейдегі репатриацияның өзіндік ерекшеліктері, қиындықтары мен жетістіктері сараланып, болашақ көші-қон саясатында ескерілуі тиіс ұсыныстар қалыптасқан. Зерттеу нәтижелері этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тек демографиялық емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени және тарихи маңызы бар үдеріс екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: этникалық репатрианттар, миграция, қандастар, Орталық Қазақстан, интеграция, бейімделу, қандастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы.

Кіріспе

Кеңестік кезеңде қазақ халқының тарихи тағдыры күрделі көші-қон процестерімен тығыз байланыста өрбіді. XX ғасырдың бірінші жартысында орын алған ашаршылық, сталиндік репрессиялар, соғыс және мәжбүрлі жер аударулар нәтижесінде көптеген этникалық қазақтар шетелге көшіп, өз Отанынан тысқары жерде өмір сүруге мәжбүр болды. Алайда ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу осы тарихи әділетсіздікті қалпына келтірудің алғышартын жасады. 1991 жылы «Қазақстан Республикасының көші-қон туралы» алғашқы заңдары қабылданып, сырттағы қазақтардың тарихи Отанға ерікті оралуына заңдық негіз қалыптасты. Бұл үдеріс репатриация деп аталып, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен демографиялық тұрақтылығына әсер ететін маңызды мемлекеттік саясаттың бір бағытына айналды.

Тарихи отанына оралған қандастар тек қоныс аударушы емес, сонымен қатар ұлттық жадыны сақтаушы, рухани және мәдени мұраны қайта жаңғыртушы рөлін атқарды. Олар арқылы қазақ ұлтының кеңістікке таралған фрагменттері қайта бірігіп, ортақ ұлттық бірегейлік қалыптасты. Дегенмен, көші-қон үдерісі тек оң нәтижелермен ғана шектелмейді. Репатрианттардың жаңа ортаға бейімделу жолында кездескен әлеуметтік, құқықтық және мәдени тосқауылдар, сондай-ақ саяси реңк алған көші-қон реттеу тетіктері қазіргі таңда арнайы ғылыми зерттеуді талап етеді.

Зерттеудің өзектілігі — Қазақстан Республикасының репатриациялық саясатын тарихи кезеңдермен байланыстыра отырып, оның тиімділігі мен кемшіліктерін нақты деректер негізінде талдау қажеттілігінде. Сонымен қатар, посткеңестік кеңістіктегі ұлт қалыптастыру процесінде

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhaksygul@mail.ru

репатриацияның рөлі, қандастардың тарихи жад арқылы отандық тарихқа қосқан үлесі — бүгінгі күні тың әдіснамалық тұрғыда зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық бірегейлікті қалпына келтіру мен сақтау үдерісінде шетелдегі этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтару — мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Репатриация, яғни қандастардың ата-жұртына оралуы, елдің демографиялық құрылымына, әлеуметтік-мәдени дамуына, сондай-ақ тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге тікелей ықпал ететін кешенді құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл үдеріс тек көші-қон статистикасымен ғана шектелмей, әрбір репатрианттың өмір жолы мен тарихи жадысында сақталған ұжымдық тәжірибелер арқылы ұлт тарихының жаңа парақтарын толықтырады.

Қазіргі кезеңде қандастардың өмірлік тәжірибелерін зерттеу, репатриациялық саясаттың тиімділігін бағалау және әлеуметтену барысындағы қиындықтарды ғылыми тұрғыда зерделеу аса өзекті. Әсіресе 1990-жылдардың басында басталған алғашқы көші-қон толқындарының тарихи, саяси және әлеуметтік контексте зерттелуі — Қазақстанның ұлттық тарихының толыққанды жазылуы үшін қажет.

Осы мақалада репатриацияның саяси-құқықтық негіздері мен тарихи алғышарттары, сондай-ақ Моңғолия мен Қытайдан келген қандастардың өмірлік естеліктері негізінде көші-қонның әлеуметтік-мәдени салдары жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты — тәуелсіз Қазақстандағы репатриациялық саясаттың тарихи даму логикасын ашып көрсету және репатрианттардың тарихи жадын, жеке өмірлік тәжірибесін талдау арқылы репатриация феноменінің күрделілігін ғылыми негізде дәлелдеу.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың негізгі материалдарының бірін сұхбаттар құрайды, мәселен, Қарағанды қаласының тұрғындары Меруерт Б., Айнұр Ж., Адал Ы., Жанболат Б., Пірмағанбет И., Руслан Б., Сергей М., Кариполла Б. және т.б. азаматтармен интервью жүргізіліп, көшіп келу тарихына қатысты, жергілікті ортаға бейімделу туралы мәліметтер анықталды. Тарихи интервьюді қолдануда Ресейлік ғалым Т. Щеглованың тәжірибелеріне сүйендік, яғни тарихи отанына оралудағы этникалық репатрианттардың (қандастардың) келу себептерін анықтауда жүзеге асыратын әдіс ретінде [1; 203]. Қазіргі зерттеулерде тәжірибе көрсеткендей, сауалнамалардың әртүрлері бар, солардың ішінде жаңа мәліметтерді алуда интервью әдісі (сапалы, зерттеу, тарихи интервью): яғни әңгімелесу, сауал қою, сұрақтарға жауап және т.б. қолданылды. Осы зерттеу аралығында респонденттер категориясы әр түрлі, келген жылдары да әр түрлі және әр елден келген қандастар (Өзбекстан, Қытай, Моңғолия қазақтары).

Қарағанды облысы аумағына көшіп келген қандастар туралы мәліметтер архивтік құжаттар негізінде де зерттелді. Қарағанды облысы мемлекеттік архивінде, Қарағанды облысының миграция және демография бойынша басқармасының 193-қорында сақталған құжаттар зерттеуде пайдаланылды. Оның ішінде негізінен статистикалық мәліметтер, мемлекеттік мекемелердің хат алмасуы, көшіп келген этникалық қазақтарға қандас (бұрынғыша оралман) статусын беру шешімдері, облыстық әкімшіліктің ҚР Миграция және демография бойынша агенттігімен хат алмасуы тәрізді құжаттар зерттеудің негізіне алынды.

Мақалада сандық және сапалық зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылды. Сапалық әдістерге негізделе отырып, авторлар мұрағаттық құжаттарды талдау арқылы репатриациялық саясаттың тарихи-құқықтық негіздері мен әкімшілік тәжірибесін зерттеді. Бұл тәсіл кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі көші-қон саясатының эволюциясын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ауызша тарих әдісі — қандастармен жүргізілген өмірбаяндық сұхбаттар — репатрианттардың жеке тәжірибесін, көші-қон барысында кездескен әлеуметтік және мәдени бейімделу мәселелерін ашуға септігін тигізді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихшылық пен объективтілік ұстанымдарына сүйенді. Салыстырмалы-тарихи әдіс Қазақстанға әртүрлі кезеңдерде көшіп келген репатрианттардың жағдайларын салыстыру арқылы мемлекеттік саясаттың өзгерісін бағалауға мүмкіндік берді. Ретроспективті әдіс репатриацияның тарихи алғышарттарын, яғни кеңестік кезеңдегі қуғын-сүргін, ашаршылық пен еріксіз қоныс аударулардың қандастар көшімен байланысын айқындауға қолданылды. Сипаттау-баяндау әдісі көші-қон үдерісін жүйелі түрде баяндауға мүмкіндік берсе, жүйелі талдау мен синтез әдістері жиналған деректердің ішкі байланыстарын ашып, репатриацияның кешенді сипатын көрсетуге мүмкіндік берді.

Нәтижелері

1991 жылы 18-қараша № 711 КазКСР министрлер кабинетінің «КазКСР шет елден және басқа республикадан, ауыл аймақтарға жұмыс жасауға келуге өтініш білдірген ұлты қазақ тұлғаларды қоныстандыру жағдайлары мен тәртібі туралы» қаулысы шықты, бұл бір жағынан қазақтарды иммиграциялау; екіншіден ауыл аймақтар үшін кешенді дамытуға бағытталатын шара болды. Бұл қаулы шет елдегі қазақтардың жылдар бойы ата-бабасының жерін аңсаған, армандарын жүзеге асыратын жолы еді. Түркияда 1991 жылғы 28-қыркүйекте қазақ диаспорасымен кездесуде, радио арқылы 1991 жылы 31-желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінің 1992 жылғы 1-қаңтардағы нөмірінде, одан кейін 1992 жылғы 29-қыркүйектегі I Дүниежүзілік қазақтардың құрылтайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті шет елдегі барлық қазақтарға тарихи Отанына оралындар деп хабарлама, тілегін жолдады [2]. Қазақстан басшылығының осы үндеуінен кейін «шет елдерде тұрып жатқан қазақ диаспораларының жауабы жылдам реакция танытты» [3; 240].

1991-1992 жылдар аралығында Қазақстанға 61 609 этникалық қазақ келді [4]. Бұл алғашқы этникалық қазақтардың репатриациясы 1991 жылы ақпан айында республикаға Моңғолиядан еңбек квотасы бойынша 70 адам көшіп келуімен басталғанын айтуымызға болады. Олар бұрынғы Талдықорған облысына орналасты. 1991 жылдың тамыз айында 1492 отбасы Семей, Қарағанды, Павлодар, Қостанай облыстарында мекен етті. Жалпы 1991–1993 жылдары Қазақстанға Моңғолиядан 50 мыңға жуық адам көшіп келді [5; 250-259].

Осы аралықта миграция саласын реттеуші екі заң қабылданып, Президент және Үкімет қаулылары жарияланып тұрды. Қазақстанға этникалық қазақтардың қайта оралуы миграция саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының біріне айналды. Бұл мәселе Президент тарапынан да, Үкімет тарапынан да үнемі қолдауға ие болып отырды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары этникалық репатриацияны жүзеге асыру 1992 жылы қабылданған «Иммиграция туралы Заң» аясында жүргізілді [6]. Заңда республикаға қоныс аударуды реттеу мен ұйымдастырушылық және мақсатты қамтамасыз етудің құқықтық негізін құрайды, босқындар үшін жаңа жерде өмір сүруге қажетті жағдайлар жасау, тарихи отанына оралған жеке тұлғалар мен отбасыларға арналған деп көрсетілген. Оларға жеңілдіктер, өтемақылар және басқа да атаулы көмек түрлері материалдық-құқықтық, оқу-әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты көші-қон жөніндегі комитеттің деректері бойынша 1993 жылдан 2005 жылдың 1 қазанына дейін Қазақстанға 117698 оралман отбасы (464426 адам), оның 61, 5 %-ы Өзбекстаннан, 15,4 %-ы Моңғолиядан, 9 %-ы Түркіменстаннан, 4,8 %-ы Қытайдан келген [7].

Министрлер Кеңесінің 1992 жылы қабылданған «Көші-қон туралы» қаулысы бойынша Еңбек министрлігі жанынан Көші-қон басқармасы құрылды. Осыдан қазақ көшінің алғашқы легін қабылдап, тиісті қамқорлық көрсетуде нағыз жанашырлық танытып, тартымды шараларды іске асыра бастады.

1991-2008 жылдар аралығында Қарағанды облысы аумағында 11400 отбасы, оның ішінде, 41033 адам қоныс аударған [8].

Қарағанды облысы қандастарды қабылдауда квота аз бөлінетін аймаққа жатады. Квотадан өз еріктерімен келетіндердің саны басым болады. Бөлінген квота санымен келген отбасылардың санының айырмашылығын ресми ақпараттардан анық байқауға болады. Қарағанды облысы аумағына келген отбасылардың жалпы саны төмендегі кестеде берілген [9].

к е с т е


1991-2022 жж. аралығында Қарағанды облысына көшіп келген қандастар саны

Жылдар	Отбасылар	Пайыздық көрсеткіші	Адамдар саны
1	2	3	4
1991-97	2800	-	14006
1998	2464	100 %	12109
1999	2515	102 %	12572
2000	3036	123 %	15312
2001	3348	135 %	16405
2013	546	22 %	1173
2014	13	0,5 %	30

кестенің жалғасы

1	2	3	4
2015	199	8 %	471
2016	350	14,2 %	719
2017	209	8,48 %	378
2018	238	9,7 %	473
2019	315	12,8 %	573
2020	171	7 %	322
2021	301	12,2 %	449
2022	267	11 %	440

1991-1997 жылдары аралығында 2800 отбасы келгенін көріп отырмыз. Бұл жерде жалпы бірнеше жылды қосып бергендіктен архивтік есеп құжаттарды, пайыздық көрсеткішті көрсету қиындық тудырды. Ал, сандық, пайыздық көрсеткіш төмендеген жылдар аралығында Қарағанды облысына қоныстанған қандастар саны күрт төмендеуін жоғарыда байқауға болады. Себебі, өңірге квота беру тоқтатылды. Ал енді көшіп келген қандастардың қай елдерден келгенін анықтау статистикалық мәліметтер толық болмауынан қиындық туғызады. Бұл арада бөлінген квоталар бойынша мәліметтерге бағдар жасауымызға болады.



Сурет. 1993–1998 жж. Қарағанды облысы бойынша квота көлемі

Диаграммдан көріп отырғанымыздай 1991-1997 жылдары аралығында бөлінген квоталар бастапқыда Моңғолия, Қытай, Ресей елдерін, тек кейінгі екі жылда Түркіменстан, Өзбекстан елдерін қамтиды. Моңғолиядан келетін қандастарға — 580, Қытайдан келуші қандастарға — 200, Ресейден келуші қандастарға — 290 квота бөлінген. Моңғолия, Қытай, Өзбекстаннан көшіп келген қандастар туралы нақты ақпараттар бар болса, берілген квоталардың игерілуі күмән келтірілмейді. Ал жыл сайын Ресейден көшіп келуші қандастарға бөлінген квоталардың қаншалықты игерілгендігі туралы нақты ақпараттар жоқ. Сонымен қатар, 1991-1992 жылдары квота бөлінбеген кезеңдерде қандастардың еңбек шартымен келгендігін атап өтуіміз керек.

1998 жылы 2464 отбасы көшіп келсе, ресми деректер бойынша 230 квота ғана бөлінген. Демек, көшіп келген қандастардың басым көпшілігі квотадан тыс келген деген сөз. 1999 жылы тек қана Пәкістаннан келуші қазақтарға 50 квота бөлінсе, 2000-2001 жылдары тек қана Моңғолиядан келетін қандастарға әр жылға 10 квотадан берілген [10].

2012-2014 жылдарда Қазақстан Республикасына көшіп келушілерге квота әр жылға 10 000 отбасы деп белгіленді. Алайда, 2013 жылдан бастап, әсіресе 2014 жылы Қарағанды облысы аумағына қандастардың келуінің күрт төмендеп кету себебі 2013 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған заңға сәйкес оралман мәртебесін тек Үкімет айқындаған өңірлерге келген этностық қазақтар ала алғандығы

және оралмандарға азаматтық тек тұрақты тұрғанына 4 жылдан асқан соң ғана берілуімен байланысты [11].

Тек 2023 жылдың мәліметі Қарағанды қалаларына келген этникалық репатрианттар (қандастар) келесі мемлекеттерден құралған: Өзбекстан, Моңғолия, ҚХР, Қырғызстан. Көпшілік қандастар қалаға жақын серіктес қалалар мен аудандарға тұрақтаған [9]. Қарағанды өңіріндегі қалаларға келген адам санымен есептеп көрсетсек, Қарағанды қаласына — 654, Теміртау қаласына — 2725, Шахтинск — 395, Абай ауданы — 260, Осакаров — 321, Қалғандары басқа аудан қалаларда — 673.

Талқылау

Этникалық қазақтардың тарихи отанына көшуінің себептерін анықтау барысында респонденттердің сауалнамаларын талдай келе, олардың көші-қон үдерісіне қатысуының басты себебі отансүйгіштік патриоттық сезімдер екені анық көрінді. Мәселен, Өзбекстаннан келген қандас азамат *«Сол бала-шағаларды ертең келешекте тарихи елінде өмір сүрсін, ата-бабаларының армандаған жерін көрсін, және де келешекте осы Қазақстанға осы өзінің үлесін қоссын деген оймен, жұбайым екеуміз ақылдасып осы шешімге келдік. Қазақта жақсы сөз бар «Есің барда еліңді тап» деген. Қазақстанның қай аймағы болсын оңтүстік пе, солтүстік пе, шығыс па, батыс па айырмашылық жоқ, қай жерде болсын ол қазақтың баласы тұратын жері. Сол шешімді қабылдап көзімді жұмып өзімізді алып осы Сарыарқа жері Орталыққа келдік»* деп өздерінің мотивтерін айқындайды [12].

Мұндай себепті Моңғолиядан келген қандас азаматшаның да негізгі мотиві болғандығын байқауға болады. *«Осы кезде тарихи сәт, атажұртқа кету шешімі қабылданды, әкем марқұм айтатын, «Елге барыңдар, елге қызмет етіңдер, біздің жеріміз сол жақта, сонда барып өсіп-өніңдер» деген әкенің аманаты болды. Сонымен елге келдік. Президентіміз шақырды деп, бір жағынан патриоттық сезім басым болды ма, бір күнде бірақ тарттық. Ол жақта кішкентай кезден құлаққа құйып өсіреді, «Сенің ата-бабаң мекені — Қазақстан» деп, олар тарихты салт-дәстүрді, қазақтың өткен тарихын еске салып айтып отырады»* [13].

Отансүйгіштік сезімдермен қатар қандастарымыздың тарихи отанына көшуі туралы шешім қабылдауына сол елдердегі басқа ұлттарға қатысты жүргізілген саясатта тікелей әсер етті. Оның ішінде бірінші кезекте тіл мәселесі қиындықтар туғыза бастағаны этникалық қазақтарды қатты алаңдатқаны сөзсіз. Қытайдан келген қандас азамат *«Міне осыдан кейін қытайда қазақты жою саясаты келді біртіндеп, 2003 жылы қазақ мектептерін ақырындап жаба бастады. Мен осы кезде 2004 жылы кішкентай ұлым болды, енді маған бұл жақта тұрудың сәні қалмағандай сезініп, сол ұрпақты алып қазақтың даласына кетуге тырыстым»* деп өз ұрпағының болашағы үшін туған жеріне оралғандығын аңғартты [14]. Қытай қазақтарының иммиграциясын зерттеушілер де бұл мәселенің сол елде өмір сүріп жатқан қазақтар үшін өте маңызды екенін атап өтеді. Шыңжаңдағы білім беру саласындағы саясат жаңа шектеулерді енгізілуімен этникалық сипаттағы сыныптардың жабылуына алып келеді. Тіптен, этникалық аз топтан шыққан оқытушылар этникалық аз топтан құралған студенттерге тек қана қытай тілінде сабақ беруге мәжбүр болады [15]. Қытайдағы ұлт саясатының жаңа кезеңі Си Цзиньпиннің билікке келуінен кейін елдің саяси және экономикалық даму салаларымен тығыз байланыстырылып, мәдени айырмашылықтарды жоюға бағыттталып, хандік емес аймақтарды туған тілдерін үйренуге және ұлттық мәдениетін сақтау мүмкіндіктерінен айыра бастады.

Бұл жағдай көршілес Өзбекстаннан келген қандас азаматшаның басынынан өткенін байқауымызға болады *«Өзбекстанда өз тәуелсіздігін алған соң ақырындап, ақырындап өзбектендіре бастады. Негізі ешқандай көшпеймін деп ойлағанмын. Қазақ мектептердің өзінде жиналыстар өзбекше, құжаттар ақырындап тіл өзбекше болу керек деп саясилана бастады. Тағы бір себеп, балабақша таза қазақ балалар барса да өзбекшелене бастады, өзбек ұлтынан тәрбиеші болған, жақсы адам негізі, сол кісі «айоджан» деп үйретіпті балама, «ана» деген мағына, төбемнен су құйып жібергендей болды, сол күні соңғы нүкте болды. Болды көшеміз дедім жолдасыма, Ендігі жерде балаларға үш-төрт жастағы өзбектендіру саясаты басталған екені байқалды»* [16].

Саралай келе, этникалық қазақтардың көші-қон үдерісіне тап бел буып араласуының негізгі себептері ретінде отансүйгіштік сезімдері мен өз ұрпақтарының болашағы үшін алаңдаушылығы түрткі болғанын көре аламыз.

Қазақстанға көшіп келген қандастардың көптеген қиындықтармен кезігетінін зерттеушілер де атап өтеді «Оралмандар баспана мәселесімен қатар Қазақстанда жұмысқа орналасуда да күрделі

проблемаларды бастан кешіруде. Бұл, ең алдымен, оралмандардың орыс тілін білмеуінен немесе төмен деңгейде меңгеруінен, кейбір сарапшылардың пікірінше, қазақ қоғамында әлі күнге дейін жұмысқа қабылдау кезінде талап етілетін лингва франка болып табылады. Бұл мәселе, әсіресе, ТМД елдерінен Қазақстанға келген оралмандар арасында өткір тұр» [17; 22].

Этникалық қазақтардың Орталық Қазақстандағы қалаларда бейімделуінің бірнеше мәселелері де респонденттермен сұхбат жүргізу барысында анық байқалды. Біріншіден Қарағанды аймағына көшіп келген қандастардың тілдік кедергі кедергіге кезіккенін атап өте аламыз.

Өзбекстаннан келген қандасымыз *«есте қалғаны, қазақтар өз ұлтымыз орысша сөйлеп, сол бағытта екен, сол менің есімде алғашқы қалды. Осы мекен жайға қалай барам деп бір екі адамнан сұрап едім, қазақтар орысша жауап берді. Қазақша сұрадым, бірақ орысша»* [12] тіл мәселесін еске алса, Моңғолиядан келген қандас азаматша *«Қалыптасып қалған орыс тілі, бізге орыс тілінде сөйлеу қиын еді, сондай қиын кездерді бастан өткердік, есіктен кіре құжаттарды толтырып, тосасың, бір құжатқа он рет келетін шығарсың, ертең кел, бүрсүгіні келмен есікті тықылдатып, орысша жауапқа қиналған кездер болды»* [13] деп тіл тұрғысынан қиындықтар болғанын жасырмайды. Бұл туралы Өзбекстаннан келген қандас азаматша да күнделікті тұрмыс тіршілікте тіл мәселесінің күрделі болғандығын көрсетеді. *«Балаларды дайындау керек, балаларды қазақ мектебіне бергім келді. № 61 мектепке орналастырдық. Содан медосмотрдан өту керек, поликлиникаға келдік. Барсам қазақ әйел отыр құжаттарды беріп жатсам, — “Сіздер Өзбекстаннан келдіңіздерма деп, осы өзбектер көп болып кетті деп орысшалап”»* [16].

Қоныс аударушы қазақтардың мемлекеттік құзыретті органдар тарапынан да тілдік тұрғыдан қиындық болғанын кезекті респонденттің сұхбатынан көруге болады *«Біз келгенде ау баста көші-қон полиция қызметкерлері менттардың өзі дұрыс сөйлеспейді. Сол кезде көмектесіп жібересіз бе? көңіл аударасыз ба? дегенде, удостоверение көре салсаңыз десең, жоқ, мен қазақша білмеймін деп жауап қайырады. Мен көшіп келгенде бізбен бірге Бауыржан деген жігіт болды. Енді аты қазақ болған соң біз қазақша сөйлестік. Ол орысша сөйлеп тұрып алды. Ол кезде біз здравствуй и до свидания деген болды, басқа орысша білмейміз. Әйтеуір арамызда орысша анау мынау түсінетін адам болды, сол кісімен сөйлесіп, сонда да көнбеді»* [16]. Көріп отырғанымыздай Орталық Қазақстан қалаларына көшіп келген қандастардың бірінші кезіккен қиындығы тіл мәселесі болды. Бұл туралы архивта сақталған репатриант қандастардың Қарағанды облысы дисциплинарлық кеңесінің төрағасы Ш.А. Оразалиновке жазған хатынан мән-жайды түсінуге болады: *«В городе Шахтинск живут 54 семьи из Монголии. Были проблемы, как была организована отдел миграции, постепенно решался с содействием городского Акимата. Мы не знаем русского языка по этому не могли довести свои мысли и проблемы не знающим государственного языка работниками отдела миграции городского Акимата»* [18].

Көшіп келуші қандастардың бірінші мәселесі тіл болса, екінші мәселесі құжат толтыру болды. Моңғолиядан келген келесі бір қандас респондент осы қиындықтарды ерекше назар аударды *«Көші қон мәселесіне қағазбастылықтан арылып, бір ізге келсе, көшіп келушілерге үй алатын, көп қағазбастылықты реттесе. Үкімет тарапынан беріліп жатыр. Соны қанағат тұтып келетін адамдар жеткілікті, бірақ жалғыз мәселе тіл мен құжат бастылық»* [19]. Бұл бірінші қиындықпен қабысып жатқан мәселе, себебі мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарын жүргізуде орыс тілінде болды. Бұл мәселені шешу үшін мемлекеттік мекемелер қоғам белсенділеріне жүтінуге мәжбүр болған. Мәселен, Ақтау поселкесінің әкімі *«Для улучшения работы и общения с переселенцами из Монголии, доверяю на общественных началах оказывать работу по переводу в официальных органах Абилмажимын Бейсен, 1959 года рождения... Абилмажимын Бейсен закончил Иркутский политехнический институт, владеет русским, монгольским, казахским языками свободно»* [18]. 1999 жылы Ақтау поселкесінде Моңғолиядан көшіп келген 200 отбасы қандастар тұрып жатқан. Моңғолиядан көшіп келген қандас қазақтардың балаларға әлеуметтік көмек алу үшін заң құжаттарын толтыруда моңғол, қазақ, орыс алфавитіндегі әріптердің әртүрлі болуынан грамматикалық қателіктердің орын алуынан туындайды. Ақтау поселкесінің әкімі бұл мәселенің түбегейлі шешу мақсатында 1999 жылы 7 мамырдағы № 9 өкімімен аудармашылар Абилмажимын Бейсен, Оралбай Хизат ұсынған материалдарды мойындау туралы шешім шығарып, осы өкіммен оларға ресми мекемелерде қызмет көрсетуге рұқсат береді. Бұл өкімді Теміртау қаласының халықты әлеуметтік қорғау бөліміне де жібереді [18].

Қарағанды қаласына келген қандастар орыс тілді ортаға тап болып, бірінші кезекте тілдік барьерге кезігеді. Респонденттің сөзімен айтқанда *«біздің қазақшамызды олар түсінбейді, олардың*

орысшасын біз түсінбейміз» дегендей этникалық қазақтар орыс тілін білмеуден, қаладағы мемлекеттік және әлеуметтік мекемелердің қарым-қатынас, іс-құжаттары орыс тілінде жүргізілуі қандастардың қоршаған ортаға бейімделуіне алғашқы кедергі болды.

Қарағанды облысы аумағындағы қалаларға көшіп келген қандастардың келесі бір қиындықтары жұмыссыздық болды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігі бір жағынан, репатрианттардың жұмыс біліктілігінің төмен болуы немесе болмауы екінші жағынан репатрианттардың интеграциясына тікелей әсері болды. Тіптен, қиындыққа кезіккен қандастар жоғары басшылыққа шағым хаттар да жаза бастайды. Мәселен, Шахтинск қаласының репатрианттары Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттік төрайымы А. Жағановаға хат жолдап, өз қиындықтарын білдіреді: «Біз Шахтинск қаласына келген оралмандармыз. Біздің келгенімізге он айдай уақыт болды. Келгелі әкімшілік жағынан ешқандай жәрдем болмай қиыншылық жасап жатқандар бар. Ішімізде мүгедек кісілерімізде бар, ол кісіге ешқандай әкімшілік жағынан берілген жоқ. Берген пәтері жасауға болмады, сол үшін басқа жерден пәтер сатып алуға мәжбүр болды. Күйеуі осы кезге дейін жұмыссыз, 4 баланың әкесі, тек әйелімнің пенсиясымен 4 мың теңгеге күн көріп отыр. Биржа жағынан алты айдан кейін берілетін жұмыссыздық жәрдем ақшада берілмей жатыр» [18]. Бұл шағым хаттан көшіп келген репатрианттар жергілікті құзырлы органдар тарапынан көмек алмағандығы, баспана мәселесінің шешімін таппағандығын және жұмыссыздыққа тап болғандығын көруімізге болады. Тіптен, мұндай шағым хат сол кездегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа да жолданады: «Біз Өзбекстан Республикасынан тарихи атамекенге қоныс аударған Қарағанды облысы Шахтинск қаласына орналасқан 16 жанұя атынан Сізге шағым хат жолдап отырмыз. Өзбекстан Республикасынан 2001 жылы сентябрь айында келгенбіз, осы уақытқа дейін не қала әкімшілігі, не облыс әкімшілігі жағынан жәрдем көрсетілмеді. Қалалалық, облыстық көші-қон орталығына барсақ сіздер квотасыз келгенсіздер деп қайтарады. Сіздің теледидарда айтқан сөзіңіз квотамен, квотасыз көшіп келген оралмандарға бірдей жәрдем берілуі керек деген сөзіңіз бар еді. Қазір біздердің жағдайымыз өте нашар, сол себептен сізге шағым хат жолдап отырмыз. Сізден жәрдем күтеміз» [18]. Бұл шағым хаттан квотасыз көшіп келген этникалық қазақтардың мемлекеттік органдар тарапынан көмек алуы мүмкін болмағандығын байқай аламыз.

Қарағанды облысы аумағына, оның ішінде қалалық аймақтарға көшіп келген этникалық қазақтардың тарихи отанына келуі біршама қиындықтармен байланысты болғанын және олардың жаңа ортаға бейімделуі бірден жеңіл жүрмегендігін айта аламыз. Оған бірнеше себептер де бар, біріншіден елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының мез болмауы, екіншіден, репатрианттардың келген аймағының ерекшелігі, үшіншіден, этникалық қазақтардың жергілікті жердегі мәдени ортамен айырмашылығы да өз әсерін тигізбей қоймады. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесіне көрсеткендей, көшіп келген этникалық қазақтар, әсіресе Қытайдан және Моңғолиядан келген репатрианттар жергілікті тәжірибелерді қиындықпен қабылдайды, оны қазақи емес деп санайды [20; 195].

Қарағанды облысындағы репатрианттардың интеграциясы мен бейімделуі көріп отырғанымыздай қиындықтар мен кедергілер тосқауылынан өтіп барып қана жүзеге аса бастады. Әсіресе, бұл тәуелсіздіктің алғашқы он жылдықтарына тән құбылыс деп айтуға болады. Репатриацияның кейінгі толқындары бірте-бірте мұндай кедергілерге азырақ ұшырады. Оған алдыңғы көшпен келген этникалық қазақтардың жаңадан келгендерге белсенді көмек көрсетуі, мемлекеттік емес ұйымдардың құрылып, көші қон мәселесі бойынша жан-жақты ақпараттық-кеңестік қолдау беруі, сондай ақ осы аймақтың этномәдени ахуалының өзгеріске ұшырауы да себеп болды.

Қорытынды

Зерттеу барысында 1991 жылдан кейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының даму бағыты және оның этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралу үдерісіне ықпалы жан-жақты қарастырылды. Әсіресе Қарағанды облысына қатысты архивтік деректер мен ресми статистикаға сүйене отырып, бұл өңірдің қандастарды қабылдаудағы айрықша орны анықталды.

Біріншіден, Қарағанды облысы этникалық репатриацияның аймақтық орталықтарының бірі ретінде танылып, әртүрлі елдерден келген қандастарды қабылдау мен бейімдеуде елеулі тәжірибе жинақтады. Көшіп келгендердің негізгі бөлігі Қытай, Моңғолия, Өзбекстан болғаны анықталды.

Екіншіден, қандастардың көші-қон квотасына ілігу мәселелері мен әлеуметтік бейімделуі әртүрлі кезеңдерде әрқелкі сипат алғаны байқалды. Мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан,

тұрғын үймен қамту, тұрақты жұмысқа орналастыру және білім беру салаларында шешімін таппаған түйткілдер орын алған.

Үшіншіден, сапалық зерттеу барысында алынған өмірбаяндық сұхбаттар қандастардың көшуге итермелеген отансүйгіштік сезімдері мен ұлттық болмысты сақтап қалуға деген ұмтылысын көрсетті. Бұл факторлар олардың қоғамға сәтті бейімделуіне ықпал еткен негізгі алғышарттар ретінде танылды.

Жалпы, зерттеу нәтижелері Қазақстанның көші-қон саясаты этностық біртұтастықты нығайтуға бағытталған маңызды құрал болғанын көрсетті. Қарағанды облысы мысалындағы тәжірибе болашақта көші-қон үрдісін жетілдіру мен әлеуметтік бейімделу бағдарламаларын тиімді жоспарлауға негіз бола алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Щеглова Т.К. Устная история: учебное пособие / Т.К. Щеглова. — Барнаул: АлтГПА, 2011. — 364 с.
- 2 Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек: ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылы 31-желтоқсандағы радиодан сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — 1992. — 1 қаңтар.
- 3 Кинаят З. Проблемы защиты прав и свобод казахской диаспоры / З. Кинаят // Казахская диаспора: настоящее и будущее. — Астана: Елорда, 2005. — С. 239–254.
- 4 Положение оралманов в Казахстане. Обзор. — Алматы, 2006. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/kz/7023-21565.pdf> (Дата обращения: 14.02.2025).
- 5 Балтабаева К.Н. Казахская диаспора и репатриация (1991–2012): монография / К.Н. Балтабаева, Т.А. Мамашев, Ж.А. Ермекбай, А.Ж. Баймагамбетова. — Алматы: Елтаным, 2015. — 568 с.
- 6 Об иммиграции: Закон Республики Казахстан от 26 июня 1992 года. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920003300>
- 7 Иватова Л.М. Қазақстан Республикасындағы миграциялық процестер және саясат: оқу құралы / Л.М. Иватова. — Алматы: Қарасай, 2006. — 172 б.
- 8 Аймаганбетова Г.Т. Миграционные процессы в Карагандинской области во второй половине 90-х годов XX века и региональная программа миграционной политики / Г.Т. Аймаганбетова // Казахстан — Спектр. — 2004. — № 4. — С. 51–58.
- 9 Управления координации занятости и социальных программ Карагандинской области. — 2023 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-social?lang=ru> (дата обращения: 10.02.2025).
- 10 Көшіп келу квотасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000406>
- 11 Жолдыбай Базар. Елге ел қосылса құт. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://egemen.kz/article/185238-elge-el-qosylsa-%E2%80%93-qut!>
- 12 П.З. Ищановпен сұхбат. Жазба уақыты 20.10.2023 ж., Қарағанды қаласы.
- 13 М. Башаймен сұхбат. Жазба уақыты 10.10.2023 ж., Қарағанды қаласы.
- 14 Н.А. Ысқақпен сұхбат. Жазба уақыты 11.01.2024 ж., Қарағанды қаласы.
- 15 Cerny A. Going where the grass is greener: China Kazaks and the Oralman immigration policy in Kazakhstan / A. Cerny // Pastoralism. — 2010. — Vol. 1. — No. 2. — P. 218–247.
- 16 А.Т. Жаппаркуловамен сұхбат. Жазба уақыты 10.10.2023 ж., Қарағанды қаласы.
- 17 Маркус К. Существование этнических групп в Казахстане / К. Маркус. — Алматы, 2017. — 77 с.
- 18 ГАКО. — Ф. 193. — Т. 2. — Д. 3. св. 1 — Оп. 1. — Л. 158.
- 19 Ж. Божигпен сұхбат. Жазба уақыты 22.11.2023 ж., Қарағанды қаласы.
- 20 Калыш А. Репатрианты Казахстана: Казахстан в системе транснациональной миграции в условиях глобализации: учебное пособие / А. Калыш, Д. Касымова. — Алматы: Қазақ университеті, 2015. — 364 с.

Ж.Т. Нығметова, З.Г. Сактаганова, Д.А. Джумабеков

Процесс адаптации и интеграции этнических репатриантов в Центральном Казахстане: социально-экономические и культурные аспекты (1991–2021 гг.)

В данной статье рассматривается процесс возвращения этнических казахов на свою историческую Родину, начавшийся в первые годы после обретения Республикой Казахстан независимости, с

научной точки зрения. Особое внимание уделяется специфике этого процесса на примере Карагандинской области. Авторы исследуют социальную, демографическую и культурную значимость переселения представителей казахской диаспоры из зарубежных стран на историческую родину. В статье проанализированы количественные данные о переселении этнических казахов в Карагандинскую область в период с 1991 по 2022 годы, влияние квотной системы, особенности адаптации репатриантов, прибывших из различных стран. Анализ основан на архивных материалах, статистических данных и интервью с этническими казахами. Авторы выделяют основные причины, побудившие репатриантов к переселению: патриотизм, уважение к родной культуре и языку, а также социально-политические трудности, с которыми они сталкивались за рубежом. Использование качественных методов исследования — биографических интервью и исторических рассказов — позволило глубоко охватить мотивацию переселения, патриотические установки и проблемы социальной интеграции. В статье системно анализируются особенности адаптации этнических казахов из Китая, Монголии, Узбекистана и других стран в социально-экономической среде Центрального Казахстана, меры государственной поддержки и влияние изменений миграционной политики. Кроме того, комплексно рассматриваются численность прибывших в Карагандинскую область репатриантов, реализация квотной системы и её ограничения, региональные особенности, сложности и достижения в процессе адаптации. По результатам исследования выявлены уникальные черты, трудности и успехи репатриации на региональном уровне, сформулированы рекомендации, которые следует учитывать при разработке будущей миграционной политики. Результаты исследования доказывают, что возвращение этнических казахов на историческую родину представляет собой не только демографический, но и социально-культурный и исторически значимый процесс.

Ключевые слова: этнические репатрианты, миграция, кандасы, Центральный Казахстан, интеграция, адаптация, социально-экономическое положение репатриантов.

Zh.T. Nygmetova, Z.G. Saktaganova, D.A. Dzhumabekov

The Process of Adaptation and Integration of Ethnic Repatriates in Central Kazakhstan: Socio-Economic and Cultural Aspects (1991–2021)

This article provides a scholarly examination of the process of ethnic Kazakhs returning to their historical homeland, which began in the early years following the independence of the Republic of Kazakhstan. The study focuses specifically on the characteristics of this process in the Karaganda region. The authors explore the social, demographic, and cultural significance of the repatriation of Kazakh diaspora representatives from abroad. The article analyzes the number of repatriates who moved to the Karaganda region between 1991 and 2022, the impact of the quota system, and the adaptation characteristics of migrants from various countries. The analysis is based on archival records, statistical data, and interviews conducted with ethnic Kazakhs. The authors identify key drivers of migration, including a strong sense of patriotism, respect for national culture and language, and socio-political challenges faced in foreign countries. By employing qualitative research methods — particularly biographical interviews and oral histories — the study delves into the motivations behind migration, patriotic sentiments, and issues of social integration. The article systematically examines the adaptation of ethnic Kazakhs from China, Mongolia, Uzbekistan, and other countries to the socio-economic environment of Central Kazakhstan, as well as the governmental support provided and the implications of shifts in migration policy. Additionally, the article offers a comprehensive analysis of the number of repatriates arriving in the Karaganda region, the implementation and limitations of the quota system, regional specificities, and the challenges and successes encountered during the adaptation process. The findings highlight the unique features, difficulties, and achievements of repatriation at the regional level and offer recommendations for future migration policy. The research confirms that the return of ethnic Kazakhs to their ancestral homeland is not merely a demographic phenomenon but also a process of significant socio-cultural and historical importance.

Keywords: ethnic repatriates, migration, kandasy, Central Kazakhstan, integration, adaptation, socio-economic status of repatriates.

References

- 1 Shcheglova, T.K. (2011). *Ustnaia istoriia [Oral history]*. Barnaul: Altaiskaia gosudarstvennaia pedagogicheskaia akademiia [in Russian].
- 2 (1992). Alysta zhurgen agaiyndarga aq tilek: Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyin 1991 zhyly 31-zheltoqsandagy radiodan soilegen sozi [Good wishes to the brothers who are far away: President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev's radio speech on December 31, 1991]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan* [in Kazakh].
- 3 Kinaiat, Z. (2005). Problemy zashchity prav i svobod kazakhskoi diaspory [The problem of protecting the rights and freedoms of the Kazakh diaspora]. *Kazakhskaiia diaspora: nastoiashchee i budushchee — Kazakh diaspora: present and future*, 239–254. Astana: Elorda [in Russian].

- 4 (2006). Polozhenie oralmanov v Kazakhstane. Obzor [Status of oralman in Kazakhstan. Overview]. Almaty. *undp.org*. Retrieved from <https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/kz/7023-21565.pdf> [in Russian].
- 5 Baltabaeva, K.N., Mamashev, T.A., Ermekbai, Zh.A., & Baimagambetova, A.Zh. (2015). *Kazakhskaiia diaspora i repatriatsiia (1991–2012) [Kazakh diaspora and repatriation (1991–2012)]*. Almaty: «Eltany» [in Russian].
- 6 Ob immigratsii. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 26 iunia 1992 goda [On immigration: Law of the Republic of Kazakhstan dated June 26, 1992]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z920003300> [in Russian].
- 7 Ivatova, L.M. (2006). *Qazaqstan Respublikasyndagy migratsiialyq protsester zhane saiasat [Migration processes and policy in the Republic of Kazakhstan]*. Almaty: Qarasai [in Kazakh].
- 8 Aimaganbetova, G.T. (2004). Migratsionnye protsessy v Karagandinskoi oblasti vo vtoroi polovine 90-kh godov XX veka i regionalnaia programma migratsionnoi politiki [Migration processes in the Karaganda region in the second half of the 90s of the 20th century and the regional program of migration policy]. *Kazakhstan — Spektr — Kazakhstan — Spectrum*, 4, 51–58 [in Russian].
- 9 (2023). Upravleniia koordinatsii zaniatosti i sotsilnykh programm Karagandinskoi oblasti [Management of coordination of employment and social programs of Karaganda region]. *gov.kz*. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-social?lang=ru> [in Russian].
- 10 Koship kelu kvotasy turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Zharlyqtary [Decrees of the President of the Republic of Kazakhstan on immigration quotas]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000406> [in Kazakh].
- 11 Zholdybai, Bazar. Elge el qosylsa qut [If the country joins the country, it will be fine]. *egemen.kz*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/185238-elge-el-qosylsa-%E2%80%93-qut!> [in Kazakh].
- 12 P.Z. Ishchanovpen sukhbat. Zhazba uaqyty 20.10.23 zh. [Interviews with P.Z. Ishanov. Writing time 20.10.23]. Qaragandy qalasy [in Kazakh].
- 13 M. Bashaimen sukhbat. Zhazba uaqyty 10.10.23 zh. [Interview with M. Bashay. Writing time 10.10.23]. Qaragandy qalasy [in Kazakh].
- 14 N.A. Ysqaqpen sukhbat. Zhazba uaqyty 11.01.24 zh. [Interviews with N.A. Yskak. Writing time 11.01.24]. Qaragandy qalasy [in Kazakh].
- 15 Cerny, A. (2010). Going where the grass is greener: China Kazaks and the Oralman immigration policy in Kazakhstan. *Pastoralism*, 1(2), 218–247.
- 16 A.T. Zhapparkulovamen sukhbat. Zhazba uaqyty 10.10.23 zh. [Interviews with A.T. Zhapparkulova. Writing time 10.10.23]. Qaragandy qalasy [in Kazakh].
- 17 Markus, K. (2017). *Sosushchestvovanie etnicheskikh grupp v Kazakhstane [Coexistence of ethnic groups in Kazakhstan]*. Almaty [in Russian].
- 18 GAKO [State Archives of the Karaganda Region]. — F. 193. — T. 2. — D. 3. sv.1 — Op. 1. — L. 158 [in Russian].
- 19 Zh. Bozhigpen sukhbat. Zhazba uaqyty 22.11.2023 zh. [Interviews with J. Bozig. Writing time 22.11.2023]. Qaragandy qalasy [in Kazakh].
- 20 Kalysh, A., & Kasymova, D. (2015). *Repatrianty Kazakhstana: Kazakhstan v sisteme transnatsionalnoi migratsii v usloviakh globalizatsii [Repatriates of Kazakhstan: Kazakhstan in the system of transnational migration in the conditions of globalization]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Нығметова Жаксыгуль — PhD докторант, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0003-8989-269X>

Сактаганова Зауреш — т.ғ.д., археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

Джумабеков Джамбул — т.ғ.к., Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-7714-717X>

Information about the authors

Nygmetyova Zhaksygyul — PhD Student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0003-8989-269X>

Saktaganova Zaurash — Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of Archeology, Ethnology and History of Kazakhstan, Director of the Center for Ethnocultural, Historical and Anthropological Research, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

Dzhumabekov Dzhambul — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan and the Assembly of People of Kazakhstan, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-7714-717X>

Buketov University